



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ
САҚТАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ»**
XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
7 сәуір 2022 ж.

**«THE ROLE OF THE STATE IN MAINTAINING REGIONAL AND
GLOBAL SECURITY»**

Proceedings of the XII-International Scientific and Practical Conference
on April 7, 2022

**«РОЛЬ ГОСУДАРСТВА В СОХРАНЕНИИ РЕГИОНАЛЬНОЙ И
ГЛОБАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

Материалы XII-Международной
научно-практической конференции
7 апреля 2022 г.

Нұр-Сұлтан, 2022

УДК 327(063)

ББК 66.4 (0)

С 69

Редакционная коллегия:

Кандидат исторических наук, профессор **Б.А. Габдулина**, Казахстан

Кандидат политических наук, профессор **М.К. Дюсембекова**, Казахстан

Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан

Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия

Магистр социальных наук, преподаватель **Н. Болатұлы**, Казахстан

«Роль государства в сохранении региональной и глобальной безопасности». Сборник материалов XII-Международной научно-практической конференции. (7 апреля 2022 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022.

ЖҰМАБЕК ТӘШЕНОВ – ҚАЗАҚ ЖЕРІ ҮШІН КҮРЕСКЕН ҚАЙРАТКЕР

Әбілхан Тоғжан Әзімханқызы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
саясаттану мамандығының 2 курс магистранты
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
togzhan_abilkhan@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада белгілі қоғам қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшеновтің Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қазіргі аумағын сақтауға қосқан тарихи үлесі талданады. Сондай-ақ оның кеңестік дәуірдің қиын-қыстау күндерінде экономика мен мәдениетке сіңірген орасан еңбегі туралы айтылады.

Кілт сөздер: КСРО, Ж.А. Тәшенов, мемлекет қайраткері

Кеңестік отаршылдық кезеңінде қазақтың қамын ойлаған, ұлттық мүдделерді басшылыққа алып, қазақ мемлекетін құру жолындағы еңбектерін тоқтатпаған, сол кездегі саясаттың ықпалымен есімі ұлтының жадынан бүркемеленген қаһарманның бірі - Жұмабек Ахметұлы Тәшенев еді.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Бабатай ауылында дүниеге келген. Бұл жер Тәшеневтер әулетінің ата-қонысы болған.

Қазақтың белгілі қайраткері, біртуар азаматы Ж. Тәшенов жеріміздің тұтастығы үшін күресіп, зор еңбек сіңірген, отаршылдық кезіндегі тоталитарлық жүйеге қарсы тұрып, парасаттылығымен, ұлтжандылығымен көзге түскен, өз еңбек жолында түрлі қиянатты бастан өткерсе де мойымаған тұлға.

Қазақстанның аумақтық тұтастығын сақтап қалу жолындағы Жұмабек Ахметұлының үлкен күрестер жүргізгендігін, оның ерен еңбектерін тарихи әдіс арқылы көрсетсек.

Жұмабек Тәшенов 1954 жылдан бері саяси аренада бар болғаны алты жыл өткізді. Жұмабек Ахметұлы 1955 жылы 40 жасында Республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болды. Оған дейін Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарын басқарған болатын. Кейін облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, сондай-ақ Ақтөбе облыстық партия комитетінің төрағасы және бірінші хатшысы болды.

Қазақ Республикасының үлкен 5 облысын ((Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан)) Ресейге қоспақшы болғанда, Кеңес Одағының сол кездегі басшысы Н.С. Хрущевпен айтысып «Елім, халқым үшін жан пида» деп премьер-министрлік қызметінен (1960-1961) қуылған болса да, ол елінің тұтастығын қорғап қалған қаһарман болды [1, 309 б.].

Солтүстік Қазақстанның бес облысын сақтап қалудың маңыздылығын әлеуметтік-экономикалық шындық тұрғысынан қарастыра берсек, оның зор екені даусыз. Себебі, соның нәтижесінде қазіргі Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орында тұр.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы қорғап қалған жалпы аумақ, шамамен 565,4 мың шаршы метрді құрайды, немесе қазіргі Қазақстан аумағының 1/5 бөлігі болып табылады. Тәшенов болмаса, ел халқы шамамен 3,7 миллион адамға (1999 жылғы халық санағы бойынша) немесе жалпы халықтың ¼-іне азайып кетер еді. Себебі бес облыстан тұратын қазақтың «Тың өлкесі» республиканың тауарлық астықтың 89 пайызын берді. Ал бұл өз кезегінде Қазақстанның құнарлы жерлерімен қатар халқын да азайтатын еді.[2]

Жұмабек Тәшенов өзінің бар жігері мен ұйымдастырушылық талантын, интеллектуалдық әлеуеті мен саяси батылдығын ел экономикасы мен мәдениетін дамытуға

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің ролі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

бағыттаған болатын. Сондай-ақ, қазақ және басқа да халықтардың мүдделерін белсенді қорғады.

Жұмабек Ахметұлы билік басына келгенде (Алғашында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы, кейін Министрлер Кеңесінің төрағасы) Қазақстанның дамуы үшін төмендегідей маңызды шараларға бастамашылық жасап, жүзеге асырған болатын:

Ж.
Тәшеновтың
Қазақстанның
дамуына
сіңірген
еңбектері

1. 1958 жылы Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігін өткізуге бастамашы болды. Сонымен қатар, отандық әдебиет пен өнер қайраткерлерінің мемлекеттік наградалармен марапатталуына өз үлесін қосты. Оның күш-жігерінің арқасында қазақтың бес көрнекті өнерпазына «КСРО халық әртісі» жоғары атағы берілді;

2. Ол Қазақстанның мәдениет, өнер және әдебиетінің көрнекті қайраткерлеріне (олардың көпшілігі жылдар бойы баспанасыз жүрген) Алматының орталығынан 120-пәтерлік ғимараттың берілуіне қол жеткізді. Сондай-ақ, кеменгер ақын Мағжан Жұмабаев қуғынға ұшыраған жесіріне пәтер бөлу туралы жауапты шешімді қабылдады;[3]

3. Ол Мұхтар Әуезовтің «Абай» романын беделді Лениндік сыйлыққа ұсыну туралы бастама көтерді;

4. 1958 жылы қазақ тілінде шығатын республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») және «Қазақ әдебиеті» газеттерін жабылудан сақтап қалды; орыс газеттерін қазақ тіліне көшіру фарисейлік саясатына қарсы шықты;

5. Бауыржан Момышұлының «Артымызда Мәскеу» кітабының жарыққа шығуына үлес қосты (оның шығуына белсене кедергі жасаған КОКП Орталық Комитетінің аса қырағы қызметкерлерінің кедергілеріне қарамастан);[4, 35-37 б.]

6. Ол Алматыдағы басты магистральдың бірін Абай даңғылы деп атауды және сол жерге ұлы ойшылдың ескерткішін орнатуды ұсынды;

7. Ол Ұлы Отан соғысының ержүрек қатысушылары Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағын беру қажеттілігін негіздеді. Өкінішке орай, ол «Кремль элитасының» қарсылығына төтеп бере алмады;

8. Оның күш-жігерінің арқасында республикада жаңа инженерлік-техникалық институттар ашылды: өнеркәсіптік – Павлодарда; политехникалық – Алматы және Қарағанды қалаларында;

9. Оның бастамасымен күрішші Ыбырай Жақаев пен шопан Жазылбек Қуанышбаев Социалистік Еңбек Ерінің екінші Алтын Жұлдызын алды;

10. Нұрмолды Алдабергеновке Социалистік Еңбек Ерінің екінші Алтын Жұлдызымен марапатталуына да үлес қосқан;

11. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы бола отырып, ол жоғары білікті қазақстандық мамандар тобын мемлекеттік аппаратқа жұмысқа қабылдады; Қазақстанның саясаты мен экономикасының барлық салаларында дарынды ұлттық кадрларды дамытуды жақтады;

12. сол кездегі КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы К.Ворошиловты Алматыға шақырып, ол жерден Медеудегі спорт кешенінің құрылысын аяқтауға қажетті қаражатты «өндіріп шығарды»;

Кестеден көріп тұрғанымыздай, Жұмабек Ахметұлы Тәшенов қызмет атқарған жылдары туған елі үшін елеулі, тарихи маңызды көптеген игі істер атқарып үлгерді.

Қорытындылай келе, Кеңес Одағында жазылған кітаптарда қиын-қыстау заманда қазақ халқының игілігі үшін еңбек еткен қайраткер, Жұмабеков Ахметұлы Тәшенов туралы

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің ролі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

бір ауыз сөз айтылмайды, ол кісі сый мен құрметке де ие болмады. Соған қарамастан халқымыз өз батырының есімін мақтанышпен еске алып, оның ісін ардақтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8-том. – Алматы. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясының Бас редакциясы. 2006. - 704 бет.
2. <http://edq.kz/2020/01/01/>
3. Ә. Нұрпейісов. “Егемен Қазақстан”. 20 қаңтар 2010 жыл.
4. М.Елеусізов. Ұмытылмас кездесулер// Жұмабек Тәшенев туралы естеліктер. Алматы, «Білім», 2005. 35-37-беттер.

ABILKHAN T.A.

Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, 2nd year master of political sciences

ZHUMABEK TASHENOV - A HERO WHO FOUGHT FOR THE KAZAKH LAND

Summary

This article analyzes the historical contribution of the famous public figure Zhumabek Akhmetovich Tashenov to the preservation of the modern territory of the Independent Republic of Kazakhstan. It also tells about his great contribution to the economy and culture in the difficult days of the Soviet era.

Key words: USSR, Zh.A. Tashenov, statesman.

МАСС-МЕДИА КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ И КОНТРОЛЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ В ЦЕЛЯХ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Бапанова Алтынай Ерлановна
Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,
Факультета журналистики и политологии,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
bapanovaaltynai@gmail.com
Научный руководитель – Аскеева Г.Б.

Аннотация

Данная статья посвящена анализу взаимоотношений СМИ и сектора безопасности. Целью данной работы является рассмотрение медиасистемы как фактора формирования, а затем и контроля политическими взглядами общественности в целях обеспечения национальной безопасности. На сегодняшний день в мире цифровизации, информация оказывает колоссальное влияние на изменение мироустройства. Алгоритмы масс-медиа и пропаганда контролируют общественные мнения. Учитывая демократизацию, вещание новостных и иных источников информации является доступным для каждого гражданина, формируя тем самым их политические взгляды.

Ключевые слова: масс-медиа, средства массовой информации (СМИ), медиасистема, коммуникация, медиапространство, демократия, информация, политическая коммуникация.

Рассматривая взаимодействие политического актора как информацию, в которой происходит обмен политическими идеями, мнениями, установками и моделями поведения с